ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 5 шілде № 4360-23-00-2/1290 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Естемесов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айдос Мухтарулы Естемесов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыппұлын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Естемесов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айдос Мухтарулы Естемесовке мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық айыппұлын өндіруді сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Естемесов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айдос Мухтарулы Естемесов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Естемесов» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Айдос Мухтарулы Естемесовтен мемлекет кірісіне 15 818 (он бес мың сегіз жүз

он сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 200 (екі мың екі жүз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «26» қыркүйек 2023 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 08.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.09.2023, судья Әбілқайысқызы А., 28.09.2023

4360-23-3-1/1388